

ӘОЖ 541.2

**«ТӨҢКЕРІЛГЕН САБАҚ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ-БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ**

**Дәнебек К.Т.**

[kulpan.danebekova@bk.ru](mailto:kulpan.danebekova@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі - Таженова Г.К.

**Аннотация**

Главная цель современной системы образования- признание обучающихся ответственными за учебный процесс. В нашей стране наблюдается снижение познавательных навыков обучающихся. Основными причинами этого являются: - Наличие большого количества информации в сознании ученика - Отвлечение учащихся от чтения художественной литературы - Негативное влияние социальных сетей на учебный процесс; - Дистанционный процесс обучения Учитывая, что образованное поколение-это будущее нашей страны, мы не можем закрывать глаза и смотреть на эту проблему. Каждый педагог должен самостоятельно способствовать решению данной проблемы. А эффективным средством развития функциональной грамотности обучающихся мы признали технологию "перевернутого урока". А академическая честность занимает особое место в перевернутых уроках. Коррупцию среди учеников и преподавателей можно предотвратить посредством

академической честности. Кроме того, академическая честность способствует повышению знаний учеников, формированию у них качеств честности и добросовестности.

**Кілтті сөздер:** академиялық адалдық, функционалды сауаттылық, оқылым дағдысы, айтылым дағдысы, тыңдалым дағдысы, жазылым дағдысы

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі маңызды мәселе -білім алушыларды академиялық адалдыққа үйрету. Білім алушылар өздерінің оқу үдерісіне толыққанды жауапты екендіктерін сезінуі қажет. Сабақ барысында жекелеген пәндерден білім алушылардың тыңдалым дағдысын, оқылым дағдысын, айтылым дағдысын және жазылым дағдысын қалыптастырып, дамыту жұмыстары жасалады. Дегенмен, қазіргі таңда білім алушылардың аталған дағдыларының даму деңгейінің төмендеуі педагог-мамандарды алаңдатуда. Білім алушылардың таным дағдыларының кешеуілдеуіне әсер етіп отырған бірнеше факторлар бар. Олар: оқушы санасында ақпараттың көп болуы, оқушылардың көркем әдебиет оқудан алшақтауы, әлеуметтік желілердің оқу үдерісіне кері әсер етуі, қашықтан оқыту үдерісі.

Олай болса, білім беру ұйымдарындағы сабақ аталған факторлардың теріс ықпалын жоятындай деңгейде ұйымдастырылуы керек. Біз аталған мәселені шешу жолын іздестіру барысында оқыту технологиясының бірнеше түрлерімен таныстық. Соның ішінде білім алушылардың жаңа білімді қабылдауға өздерінің жауапты екендіктерін сезінетіндей технология-ол «Төңкерілген сабақ» технологиясы деген тоқтамға келдік.

«Төңкерілген сабақ» әдісін ең алғаш Америка Құрама Штаттарының педагогтары Саннс и Джонатан Бергман қолданды. Олар сабаққа келмеген оқушыларға дәрістер, бейнероликтер жіберу арқылы жаңа сабақты оқып келуге тапсырма берді. Сонда оларға «Егер оқушылар жаңа сабақ бойынша ақпаратты үйде оқып қабылдай алатын болса, оларға сыныпта жаңа сабақ бойынша дәріс оқудың не қажеті бар? Одан да сыныпта оқушыларға түрлі тапсырмалар беру арқылы сол жаңа сабақ бойынша берілген ұғымдарды әрі қарай дамыту тиімді емес пе?» деген сұрақ туындады. «Төңкерілген сабақ» жайлы алғашқы пікір осылай пайда болды.[1] Одан бері қарай аталған технологияға ішінара өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Ал «Төңкерілген сабақ» аясында білім алушылардың академиялық адалдығын қалай қалыптастырамыз? «Төңкерілген сабақ» әдісінде оқушылар мен мұғалімдер арасында ерекше қарым-қатынас пен түсіністік орын алады. Бұл әдіс кезінде оқушылар интернет желісі мен арнайы оқулықтарды және әдебиеттерді пайдаланып, алдағы сабаққа өз еріктерімен дайындалады. Бұл – оқушылардың бойында өздігінен іздену қасиетін және жауапкершілік сезімін арттырады.

Дегенмен, оқушылар мен мұғалімдердің арасында академиялық адалдыққа байланысты қақтығыстар туу мүмкіндігі бар екенін атап өтпесек болмайды. Сабақ барысында немесе тоқсандық бақылау кезі мен өзіндік жұмыстар кезінде, яғни білім алушының білімін бағалау барысында шешуші рөл атқаратын тесттер мен емтихандар кезінде олардың қандай да бір қулыққа басып немесе оңай жолмен жақсы баға алуға тырысуы қалыпты жайт. Мысалы, академиялық адалдыққа қарама-қарсы дүние - қасындағы адамнан немесе ұялы телефон мен интернет көзінен көшіру, көшіру мақсатында арнайы алдын ала дайындалған әдебиет көздерін пайдалану, сұрақтар мен тапсырмалардың жауабын қандай да бір көздерден жемқорлық жолымен алу секілді істер. Ал осы мәселелердің шешімін қалай табуға болады?

Ең алдымен білім алушы және мұғалім белгілі бір принциптер бойынша әрекеттену керек. Олар:

- Адалдық;
- Сенім;
- Әділдік;
- Құрмет;
- Жауапкершілік;

Академиялық адалдық, тіпті ешкім қарап тұрмаған кезде де тек дұрыс дүниелер жасау керектігін меңзейді. Бұл білім беруші ортамен мақұлданған адалдықтың академиялық ережелері мен нормаларын сақтау болып табылады. Олар оқушы мен мұғалімге жауапкершілікке толы моральды және этикалық шешім қабылдауға көмектеседі.

Академиялық адалдық:

- Жазба жұмыстарында өз ойларын құрып, оны жеткізу;
- Барлық әдебиет көздерін жасырмай көрстеу;
- Тапсырманы тек өзі орындау немесе серіктестікке сілтеме көрсету;
- Өзіндік зерттеу жұмыстарын жасау кезінде тек шынайы нәтижелерді көрсету;
- Емтихандар кезіндегі адалдық.

Академиялық адалдыққа жатпайды:

- Плагиат;
- Тест жауаптарын көшіру;
- Басқа адамның жұмысын жасау;
- Тест немесе естихандан жауаптарын алдын ала беру немесе алу;
- Басқа адамға өз жұмысын орындату мақсатында төлем жасау;
- Саботаж;
- Алаяқтық;
- Жалған деректер көрсету;
- Фальсификация;
- Деректерді қолдан жасап шығару;
- Ережелерге қайшы келетін серіктестік.

1. Плагиат – басқа адамның ойы немес жұмысын өз жұмысындай етіп көрсету.

Плагиат түрлері:

- Жұмысты онлайн сатып алу;
  - Интернет көзінен көшіру және қою;
  - Сөздер мен сөйлемдердің орнын ауыстыру;
  - Ақпаратты сілтемесіз қолдану;
  - Бір жұмысты бірнеше рет қолдану;
2. Алдау:
    - Көшіру;
    - Бағаланған жұмысты қайта тапсыру;
    - Жұмысты уақытында немесе мүлдем орындамаған жағдайда өтірік ақталу;
    - Басқа адамның жұмысын өз жұмысындай көрсету;
  3. Фальсификация:
    - Бағаларды, тест нәтижелерін, мәліметтерді қолдан жасау;
    - Жауаптырды адал емес жолмен алу, жауаптарды беру;
    - Дайын жұмыстарды сатып алу немесе сату;

Оқу орнының саясаты:

- Ескерту;
- Бағасын төмендету;
- Жауаптарды қабылдамау;
- Келесі сабаққа кіргізбеу;
- Әлеуметтік шаралар.

Қорыта келе, академиялық адалдық – білім алушы мен білім беру мекемесінің қызметкерлері арасындағы жемқорлықтың алдын алып, болашақ ұрпақтың бойына сіңген білімнің сапалы болуын қамтамасыз етеді. Тек ол ғана емес, төңкерілген сабақ аясында оқушылардың ізденуге деген талпынысын арттырып, жауапкершілікке баулиды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://antitreningi.ru/info/e-learning/perevernutyi-urok/>. "Перевернутый" урок: преимущества и недостатки – Анти Тренинги

2. [Атырау\\_Даулетова-Н.А..pdf \(orleu-atr.kz\)](#)
3. Әуез Бақыт. «Оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру» «Химия Қазақстан мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық журналы, №4 2010жыл,51-бет
4. К.Найманбаева. «Білім беру жүйесін модернизациялаудың теориялық негізі» «Химик анықтамалығы» республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық журналы, №3 2015жыл, 11-бет